

6D074800— «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Мурат Зулпидинович Ашировтың «Темекі (*Nicotiana tabacum* L.) дәндерінен фитосубстанция алу технологиясы және оның негізінде дәрілік қалып жасау»

тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ**

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары</p>	<p>Ізденуші Мурат Зулпидинович Ашировтың диссертациялық жұмысының тақырыбы ғылымның заманауи даму үрдістеріне және мемлекеттік бағдарламалардың басым бағыттарына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының өзектілігі Қазақстанның 2020-2025 жылдарға арналған фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту жоспарының негізгі басымдықтарымен үйлеседі. Бұған қоса, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты халыққа Жолдауында еліміздің басты мақсаты ретінде қуатты өнеркәсіптік негіз қалыптастыру, жаңа отандық өндірістер ашу және ел экономикасының өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейін арттыру міндеттері қойылған. Осы тұрғыда өсімдік шикізаттарының жаңа түрлерін жан-жақты зерттеу және шикізат қорын кеңейту отандық фармацевтикалық өндірістің дамуы үшін маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Осы орайда аз зерттелген темекі өсімдігінің (<i>Nicotiana</i></p>

		ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	<i>tabasim L.</i> ) дәндері ғылыми тұрғыдан ерекше қызығушылық тудырады.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b>қосады</b> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <b>ашылған</b> /ашылмаған.	Мурат Зулидинович Ашировтың диссертациялық жұмысы фармацевтикалық ғылымның дамуына елеулі үлес қосады, оның маңызы негізгі қағидаларда жақсы ашылған және зерттеу нәтижелерімен расталған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <b>жоғары</b> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыстың өзіндік жазу деңгейі жоғары. Диссертациялық зерттеудің барлық эксперименттік нәтижелерін автордың өзі алған, бұл ізденушінің фармацевтикалық ғылымдарға қосқан жеке үлесін көрсетеді. Автор диссертацияның барлық бөлімдерін орындаған және рәсімдеген. Жұмыстың нәтижелері ғылыми конференцияларда ұсынылды. Академиялық адалдықтың принциптері мен ережелері толығымен орындалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <b>негізделген</b> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеудің өзектілігі жалпы саны 163 отандық және шетелдік ғалымдардың баспа жұмыстарын қамтитын әдебиет көздерін егжей-тегжейлі талдап, нәтижесінде жоспарланған жұмыстың негізгі бағытын айқындайтындай іздену тереңдігімен негізделеді. Темекі өсімдігінің дәндерін дәрілік өсімдік шикізаты ретінде химиялық, фармакологиялық, фармацевтикалық зерттеу және оның негізінде дәрілік қалып жасау жұмыстың негізгі мәселесі болып табылады.

<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <b>айқындайды;</b></p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны тақырыбына сәйкес келеді.</p>
<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <b>сәйкес келеді;</b></p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Жұмыстың қойылған мақсаты және міндеттері диссертациялық жұмыстың тақырыбына сәйкес келеді.</p>
<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <b>толық байланысқан;</b></p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері, құрылысы, сонымен қатар, қорғауға шығарылатын негізгі ережелері толығымен байланысқан.</p>
<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <b>сыни талдау бар;</b></p>	<p>Автор еліміздің фармацевтикалық нарығының импортқа тәуелділігін төмендетуі мүмкін отандық дәрілік заттардың номенклатурасын кеңейту үшін өсімдік субстанциясын және дайын өнімнің технологиясы ұсынған. Ұсынылған диссертациялық жұмыстың нәтижелері фармация және дәрілер технологиясында қолданылуы мүмкін. Фармацевтика</p>

	<p>2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>саласындағы мәселелерді шешуге бағытталған сыни талдау бар.</p>
<p>5. Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табылады. Ғылыми нәтижелер мен қағидағтардың жаңалығы «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМҚК 13.08.2021 жылғы тіркеу номері №35232 «Темекі (<i>Nicotiana tabacum</i> L.) дәндерінен көмірқышқылды экстракт алу тәсілі» өнертабысқа патентімен, 15.12.2023 ж. тіркеу номері №9236 «Темекі (<i>Nicotiana tabacum</i> L.) дәндерінен май алу тәсілі» пайдалы модельге патентімен және The Scientific World Journal (Scopus, процентиль - 69) журналында жарияланған «Study of Cold-Pressed Tobacco Seed Oil Properties by Gas Chromatography Method» ғылыми мақаласымен расталады.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Автордың тәжірибелік зерттеулерімен негізделген зерттеудің негізгі нәтижелерінің қорытындысы толығымен жаңа.</p>

	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста толығымен жаңа техникалық, технологиялық шешімдер бар, олар жеткілікті түрде негізделген және дәлелденген.</p>
<p>6.</p> <p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде алынған тәжірибелік мәліметтермен негізделген. Жұмыстың негізгі нәтижелері, ғылыми ережелері, тұжырымдары және қорытындылары толығымен жүргізілген зерттеулердің талдау нәтижелерінен алынған.</p>
<p>7.</p> <p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар</p>	<p>Әр қағидағт бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағт дәлелденді ме?</p> <p>1) <b>дәлелденді;</b></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p>	<p>7.1 Қорғауға шығарылатын негізгі қағидағтары толығымен дәлелденген. Диссертация тақырыбы бойынша орындалған зерттеулердің негізгі нәтижелері «Биология, медицина және фармацевцияның даму перспективалары» Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры мен Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының бастамасымен жас ғалымдар мен студенттердің VI Халықаралық ғылыми конференциясында (Шымкент, 2018), «Еуропалық</p>

	<p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) <b>жоқ</b></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) <b>жоқ</b></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <b>кең</b></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) <b>жоқ</b></p>	<p>зерттеулер: ғылым, білім және технологиядағы инновациялар» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында (Лондон, 2019), «Медицина мен фармацевцияның заманауи аспектілері: білім, ғылым және тәжірибе» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында (Шымкент, 2019), «Ақанов оқулары: Денсаулық сақтау қызметтерімен жалпыға бірдей қамтуға қол жеткізудегі алғашқы медициналық-санитарлық көмектің рөлі» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында (Алматы, 2019), «Биология, медицина және фармацевцияны дамыту перспективалары» жас ғалымдар мен студенттердің халықаралық ғылыми конференциясында (Шымкент, 2020) баяндалған және жарияланған.</p> <p>7.2 Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидағтары тривиалды емес.</p> <p>7.3 Жұмыстың қорғауға шығарылатын барлық қағидағтары жаңа.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері 17 ғылыми жұмыста жарияланған.</p>
<p>8.</p> <p>Дәйектілік Дереккөздер ұсынылған дәйектілігі</p> <p>принципі мен ақпараттың</p>	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) <b>жоқ</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыста зерттеу әдістемесінің тандауы негізделген. Жұмысты орындау барысында фармакопеялық және фармакопеялық емес әдістер, сонымен қатар, маркетингтік талдау әдістері де қолданылған.</p>

<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <b>ия;</b> 2) жоқ</p>	<p>Ізденуші ғылыми жұмысын жүргізу барысында есептеу «Microsoft Excel 2010», Statistica 12.0 бағдарламаларын пайдаланған.</p>
<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <b>ия;</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық қорытындылары, сондай-ақ анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеу мәліметтерімен толық дәлелденген және расталған.</p>

		<p>2) жоқ</p> <p>8.4 Маңызды Мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті/жеткіліксіз</b></p> <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <b>ия;</b> 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <b>ия;</b> 2) жоқ</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <b>толығымен жаңа;</b></p>	<p>Диссертацияда маңызды маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді дереккөздерден алынған ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған.</p> <p>Диссертацияда пайдаланылған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінің тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың үлкен теориялық маңызы бар, ол жаңа препараттарды жасау үшін жаңа перспективалы өсімдік көздерін іздеу және зерттеу болып табылады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.</p> <p>Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады.</p>
9	Практикалық құндылық принцип		

	<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>		<p>Мурат Зулпидинович Ашировтың «Гемекі (<i>Nicotiana tabacum</i> L.) дәндерінен фитосубстанция алу технологиясы және оның негізінде дәрілік қалып жасау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзектілігімен ерекшеленіп, ғылыми және практикалық тұрғыдан маңызды, жаңашыл әрі толыққанды зерттеу ретінде бағаланады. Жұмыс жоғары академиялық деңгейде жазылып, ғылыми стильге сай рәсімделген. Құрылымы дәстүрлі бөлімдерге бөлініп, логикалық тұтастық сақталған. Жазылуы мен ресімделу сапасы жоғары деңгейде.</p>
<p>10.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) <b>жоғары</b>; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың жаңалығы мен теориялық және зерттеу маңыздылығы жағынан ерекшеліктері жоқ.</p>
<p>11.</p>	<p>Ғылыми жұмыстағы кейбір мәселелерді пысықтау үшін келесідей сұрақтар бар:</p>	<p>Диссертацияға ескертулер</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың жаңалығы мен теориялық және зерттеу маңыздылығы жағынан ерекшеліктері жоқ.</p>
<p>12.</p>	<p>1) Study of Cold-Pressed Tobacco Seed Oil Properties by Gas Chromatography Method 2) <i>N. tabacum</i> L. өсімдік шикізатын (дәндері) жинау, дайындау және сақтау ережесі</p>	<p>Зерттеу тақырыбы бойынша докторант мақалаларының ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы түрінде қорғалған жағдайда, ресми рецензенттер зерттеу</p>	<p>Мақалада қамтылған материал ғылыми дәлелдермен негізделіп, алынған нәтижелер сенімділігімен ерекшеленеді. Докторанттың әдістемелік тұрғыдан мұқият және терең жұмыс атқарғаны байқалады. Эксперименттік деректер нақты түрде талданып, алынған нәтижелер мысалдар мен салыстырмалы талдаулар арқылы дәйектелген. Мақала докторанттың ғылыми зерттеуін қорытындылай отырып, жаңа</p>

	<p>тақырыбы бойынша докторанттың әрбір мақаласының ғылыми деңгейіне түсініктеме береді)</p>	<p>3) Семена табака перспективное сырье для производства лекарственных средств 4) Физико-химические показатели табачного масла и получение лекарственной формы на его основе</p>	<p>тұжырымдар мен ұсыныстар ұсынады. Алынған нәтижелердің практикалық құндылығы жоғары, бұл оның ғылымдағы маңызын одан әрі айқындай түседі.</p>
<p>13.</p>	<p>Ресми рецензенттің шешімі: 1) <b>Философия докторы (PhD) дәрежесін беру;</b> 2) диссертация белгіленген талаптарға сәйкес келмеген және (немесе) ішінара қағидаттарға (Академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) сәйкес келген жағдайда және (немесе) оған түзетуді талап ететін ескертулер болған жағдайда, диссертацияны пысықтауға жіберуге міндетті. Диссертация</p>		<p>6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Аширов Мурат Зулпидиновичтың «Темекі (<i>Nicotiana tabacum</i> L.) дәндерінен фитосубстанция алу технологиясы және оның негізінде дәрілік қалып жасау» тақырыбындағы диссертациясы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес және философия докторы (PhD) дәрежесіне лайықты.</p>

		<p>мақалалар сериясы қорғалған түрінде қорғалған жағдайда диссертация пысықтауға жіберілмейді;</p> <p>3) академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік және шынайылық қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тарту</p>
--	--	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Рецензент:

«Qazbiopharm» Ұлттық холдингі» АҚ,

Ғылым және технологиялар департаментінің жетекші менеджері, PhD **Бекешева Күралай Бақытнұрқызы**



« 21 » ақпан 2025 ж.